

"Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, еңбекақының жоғары мөлшеріне және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін және оны қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 182-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 160-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 маусымда № 7705 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 373 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.07.2019 № 373 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 202, 203, және 204-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, еңбекақының жоғары мөлшеріне және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін және оны қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 182-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4888 болып тіркелген, 2007 жылғы 23 қазанда № 162 "Заң газеті" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына және еңбекақының жоғары мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын,

жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысын және еңбекақының жоғары мөлшерін беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына және еңбекақының жоғары мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес";

2) тармақшаның күші жойылды деп танылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысын және еңбекақының жоғары мөлшерін беру қағидалары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, еңбекақының жоғары мөлшеріне және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесінде:

бірінші парақтың оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі міндетін атқарушының
2007 жылғы 31 шілдедегі
№ 182-Ө бұйрығына
1-қосымша";

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына және еңбекақының жоғары мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі";

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр Г. Әбдіқалықова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

_____ С. Қайырбекова

2012 жылғы " __ " сәуір

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2012 жылғы 27 сәуірдегі
№ 160-ө-м бұйрығының
қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі міндетін
атқарушының
2007 жылғы 31 шілдедегі
№ 182-ө бұйрығының
2-қосымшасы

Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығын, жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысын және еңбекақының жоғары мөлшерін беру қағидалары

1. Жалпы бөлім

1. Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысы (бұдан әрі - қосымша демалыс), еңбекақының жоғары мөлшері жұмысшыларға, мамандарға және қызметшілерге (бұдан әрі - қызметкерлер) Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, еңбекақының жоғары мөлшеріне және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізім) сәйкес беріледі.

2. Тізімде белгіленетін қысқартылған жұмыс уақытының және қосымша демалыстың ұзақтығы, еңбекақының жоғары мөлшері ұйымдардың өндірістік объектілеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1457 қаулысымен бекітілген Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестациялау қағидаларына сәйкес жүргізілетін аттестаттау нәтижелері негізінде және жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының іс жүзіндегі күйін ескере отырып өзгертілуі мүмкін. Қысқартылған жұмыс уақыты мен қосымша демалыстың нақты ұзақтығы,

еңбекақының жоғары мөлшері ұжымдық шарт пен еңбек шартында норматив ретінде белгіленеді.

3. Жұмыс беруші ұйымның өндірістік объектілеріне еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау жүргізбеген жағдайында, жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы мен қосымша демалыстар, еңбекақының жоғары мөлшері Тізімде көзделген толық көлемде беріледі.

4. Ұйымдардың өндірістік объектілеріне аттестаттау жүргізудің сапасын және Тізімнің дұрыс қолданылуын бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады.

5. Егер бұл кәсіптер мен лауазымдар Тізімнің тиісті бөлімдерінде немесе шағын бөлімдерінде арнайы көзделмесе, кәсіптері мен лауазымдары "Экономиканың барлық салаларының жалпы кәсіптері" бөлімінде көзделген қызметкерлерге жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы және қосымша демалыс, олардың қандай өндірістер мен цехтарда жұмыс істейтініне қарамастан беріледі.

6. Лауазымдары Тізімде көзделген бригадирлерге, олардың көмекшілеріне жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы және қосымша демалыс тиісті кәсіптердің жұмысшыларына берілетін ұзақтықпен бірдей беріледі.

2. Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы

7. Тізімде көрсетілген жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы қызметкерлерге осы өндірістің, цехтың, кәсіптің немесе лауазымның жұмысы үшін белгіленген жұмыс күннің жартысынан артық уақыт зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істеген күндеріне ғана белгіленеді.

8. Бөлек ұйымдардың қызметкерлеріне және ұйымдардың қосалқы цехтарының қызметкерлеріне, осы өндірістер мен цехтардың негізгі қызметкерлеріне де, сондай-ақ жөндеу және қызмет көрсетуші персоналына да жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленетін жұмыс істеп тұрған еңбек жағдайлары зиянды өндірістер мен цехтардағы жұмыс істеген күндері үшін осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тәртіпте жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

3. Қосымша демалыс

9. Тізімде көзделген еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде, цехтарда, кәсіптер мен лауазымдарда жұмыс жылы бойы жұмыс істеген қызметкерге қосымша демалыс іс жүзінде жұмыс істеген күніне қарай беріледі.

10. Қызметкерлер жұмыс жылы ішінде олардағы жұмыс үшін ұзақтығы әртүрлі қосымша демалыс берілетін әртүрлі өндірістерде, цехтарда, кәсіптерде

және лауазымдарда жұмыс істеген жағдайда, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істелген уақыт, Тізімде тиісті өндірістердің, цехтардың, кәсіптердің және лауазымдардың қызметкерлері үшін белгіленген қосымша демалыстың ұзақтығына қарай, әрбір жұмыс бойынша жеке есептеледі.

11. Еңбек шарты бұзылған жағдайда оның негіздемесіне қарамастан, қосымша демалыс алу құқығын пайдаланбаған не толығымен пайдаланбаған қызметкерге өтемақы төленеді.

12. Еңбек жағдайлары зиянды өндірістер мен цехтарда үнемі жұмыс істейтін қызметкерлерге, қосымша демалыс толығымен немесе қызметкердің қалауы бойынша бөлініп беріледі.

13. Кәсіптері мен лауазымдары Тізімге кірмеген, бірақ жекелеген кезеңдерде еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде, цехтарда, кәсіптерде және лауазымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша демалыс кәсіптері мен лауазымдары Тізімде көзделген қызметкерлерге қолданылатын негіздемелермен беріледі.

14. Бөлек ұйымдардың (құрылыс, жөндеу, іске қосу-баптау) қызметкерлеріне және ұйымдардың (механикалық, жөндеу, энергетикалық, автоматика) қосалқы цехтарының қызметкерлеріне еңбек жағдайлары зиянды өндірістер мен цехтарда жұмыс істеген уақыты үшін негізгі қызметкерлермен бірдей негізде Қағидалардың осы тарауында көзделген тәртіпте қосымша демалыс беріледі.

15. Негізгі және қосымша демалыстардың ұзақтығы негізгі және қосымша демалыстардың күндерін күнтізбелік күндермен қосу арқылы есептеледі.

4. Еңбекақының жоғары мөлшері

16. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге еңбекақының жоғары мөлшері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында, салалық келісімдер немесе ұжымдық шарттарда еңбекақының ең төмен стандарттарына негізделіп белгіленген мөлшерден төмен болмауға тиіс. Еңбекақының ең төменгі стандарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалады.

17. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті жұмыстарда істейтін азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақының жоғары мөлшері "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына сәйкес белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК